



БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қаласы, 2025 жылдың 17 ақпаны

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) "Табадул" платформасында жұмыс істей бастады

Алматыда "Қазақстан қор биржасы" АҚ-тың (KASE, Биржа) ұйымдастыруымен Биржаның Tabadul Hub халықаралық сауда-саттық алаңына қосылуына орай халықаралық конференция өтті. KASE – Tabadul платформасына қосылған алтыншы қор биржасы.

2024 жылдың тамызында KASE мен "KASE Клиринг орталығы" АҚ (KACC) Tabadul цифрлық сауда-саттық хабында жұмыс істеу жөніндегі келісімге ресми түрде қол қойды. Нарыққа екіжақты қол жеткізу үлгісінде жұмыс істейтін аймақтағы алғашқы цифрлық биржа ретінде Tabadul хабын 2022 жылдың шілдесінде ADX іске қосқан.

2025 жылдың басында Tabadul Hub платформасы 8 биржаны біріктіріп, ADX инвесторларының 490 листингтік компанияға және 7,6 миллионнан астам инвестор кіретін желіге қол жеткізуіне мүмкіндік берді.

Tabadul аккредитациядан өткен жергілікті брокерлер арқылы инвесторлардың қатысушы-биржаларда сауда-саттық жасау мүмкіндіктеріне еркін қол жеткізуін қамтамасыз ете отырып, капитал нарығын дамытуға ықпал етеді. Бұл бастама өтімділікті арттырады, нарыққа шығуға және инвестицияны әртарапандыруға ықпал етеді, сондай-ақ өңірлік нарықтар арасындағы байланысты нығайтады.

KASE мен ADX серіктестігі жаһандық инвесторлардың қазақстандық қаржы құралдарына еркін қол жеткізуіне жол ашады және қазақстандық инвесторлардың Tabadul Hub арқылы халықаралық нарықтарда шетелдік бағалы қағаздармен сауда-саттық жасауына жаңа мүмкіндіктер береді, нәтижесінде өтімділікті арттырып, инвестициялық ахуалды жақсартуға жағдай жасайды.

2024 жылы жасалған сауда-саттық көлемі 2023 жылмен салыстырғанда 317%-ға артқан Tabadul Hub-қа KASE-нің қосылуы осы платформа үшін жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Бұл ынтымақтастық қатысушылар арасындағы кросс-биржалық сауда үшін жаңа мүмкіндіктер беріп, стратегиялық серіктестігін нығайтады.

Жиынтық нарықтық капитализациясы 1 триллион АҚШ долларына жуық Tabadul трансшекаралық инвестициялық мүмкіндіктерді дамытуда маңызды рөл атқарады. Платформадағы сауда көлемі 2024 жылы шамамен 200 миллион АҚШ долларын құрап, өткен жылмен салыстырғанда 317%-ға айтарлықтай өсті.

Tabadul – өңірде және одан тыс жерде тұрақты экономиканы қалыптастыруға жасалған маңызды қадам, ол барлық қатысушы биржада инвесторларға орасан зор сауда мүмкіндіктерін ұсынады.

"KASE-нің Tabadul Hub-қа қосылуы Қазақстанның қаржы нарығына қатысушылардың инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейтеді. Tabadul Hub-та жұмыс істеу өтімділікті арттырып, Қазақстанға шетелдік инвесторларды, жеке және институттық инвесторларды тартуға ықпал етеді. Қазіргі таңда қазақстандық инвесторлар Tabadul Hub-қа қосылған биржаларда, оның ішінде Әбу-Даби Қор биржасында (ADX), Бахрейн биржасында (BHB) және Мускат Қор биржасында (MSX) шетелдік бағалы қағаздармен сауда жасай алады. Басқа да халықаралық биржалармен байланыс орнату жалғасып жатыр. Енді мәмілелер бойынша KACC арқылы Қазақстан теңгесінде есептесуге болады", – деп атап өтті KASE Басқармасының төрайымы Алина Алдамберген.

"Қазақстан қор биржасының (KASE) Tabadul цифрлық сауда платформасына ресми түрде қосылуын қуана қабылдаймыз, бұл трансшекаралық инвестициялық мүмкіндіктерді кеңейтудегі маңызды қадам болып табылады. KASE Tabadul-ға қосылғаннан кейін ADX инвесторлары қосымша шығынсыз халықаралық нарықтарға қол жеткізу аясын кеңейтеді. Бұл біздің инновацияны дамытуға және

жаһандық қаржылық экожүйе құру үшін стратегиялық серіктестікті нығайтуға деген берік ұстанымымызды көрсетеді. 2024 жылы Tabadul-дағы сауда-саттық көлемінің өсуі осы жұмыстардың табысты болғанын дәлелдейді", – деп мәлімдеді ADX Бас атқарушы директоры Абдулла Салем әл Нуайми.

Tabadul Hub-қа қосылу қазақстандық инвесторлардың қаржы құралдарына еркін қол жеткізуіне және халықаралық операциялардың тиімділігін жақсартуға жаңа мүмкіндіктер ашады.

Анықтама үшін:

Қазақстан қор биржасы (KASE) – Орта Азия аймағындағы жетекші қор биржасы. KASE бағалы қағаздармен жасалған сауда-саттық көлемі жөнінен ТМД елдері арасында екінші орын алады, FEAS биржалары арасында акция нарығын капиталдандыру жөнінен төртінші орында. Ол – корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары, шетел валютасы, ақша нарығындағы репо және своп операциялары, сондай-ақ деривативтер саудасы жүргізілетін әмбебап сауда алаңы. KASE – Дүниежүзілік биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалары федерациясының (FEAS), ТМД қор биржалары халықаралық қауымдастығының (IASE CIS), Жаһандық орталық контрагенттер қауымдастығының (CCP Global) және басқа халықаралық және ішкі кәсіби ұйымдардың мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның Тұрақты қор биржалары туралы Инициативасына қатысушы.

KASE Клиринг орталығы (KACC) – KASE-нің 100% еншілес ұйымы, ол барлық KASE нарығында клиринг, есеп айырысу және орталық контрагент функцияларын орындайды. KASE ресми тізіміндегі 253 эмитенттің 989 бағалы қағаз шығарылымын қоса алғанда, 1500-ден астам қаржы құралы бойынша клиринг жүргізеді.

2024 жылы KASE мен KACC тәуелсіз сертификаттау аудитін сәтті аяқтап, ISO 9001:2015 және ISO/IEC 27001:2022 халықаралық стандарттарына сәйкестік сертификаттарын алды.

Бұл сертификаттарды алу нарыққа қатысушылардың сенімін арттырып, Биржа мен Клиринг орталығы қызметінің сапа саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкес жүргізілетінін растайды. Сонымен қатар бұл Биржа мен Клиринг орталығының ұзақмерзімді стратегиясының бар екенін және клиенттер мен мүдделі тараптар алдындағы міндеттемелерін орындауда жүйелі еңбек ететінін көрсетеді.

Әбу-Даби қор биржасы (ADX) – Араб өңіріндегі екінші ірі нарық. ADX акциялармен, облигациялармен, биржалық индекс құралдарымен (ETF), деривативтермен, сондай-ақ БАӘ-нің бағалы қағаздар және шикізат тауарлары басқармасы (SCA) мақұлдаған басқа қаржы құралдарымен сауда-саттық сияқты сан алуан өнімдер мен қызметтерді ұсынады. ADX IPO арқылы тартылған қаражат көлемі жөнінен әлемдегі ең ірі жеті биржа қатарында. 2023 жылы биржа әлемдегі ең ірі 20 IPO-ның үшеуін өткізді.

KASE Tabadul цифрлық сауда хабына қосылғаннан кейін, ADX цифрлық нарықтағы инновациялар жөнінен көшбасшы болып, нарықтың өсуіне ықпал етіп келеді.

ADX-тің стратегиялық серіктестері: Әбу-Даби Үкіметі, БАӘ бағалы қағаздар және шикізат тауарлары басқармасы, Жаһандық биржалар федерациясы (WFE) және Араб Қор биржалары федерациясы.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237-53-42, pr@kase.kz.